

**РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясы отырысының
ХАТТАМАСЫ**

№ 5

« 20 » 03 2026 ж.

Қатысқандар:

РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының төрағасы клиника және дипломнан кейінгі білім беру жөніндегі проректор Берікұлы Д.

РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының төрағасының орынбасары дипломнан кейінгі білім беру мектебінің деканы Мусабекова Ж.А.

РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының хатшысы орынбасары дипломнан кейінгі білім беру мектебі деканының орынбасары Оразбаева А.К.

РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының мүшелері, тізім қоса беріледі.

Күн тәртібінде:

1. Балалар резидентурасы, әскери терапия және әскери хирургия бойынша білім беру бағдарламаларын реестрге енгізу мәселелерін талқылау.
2. Резидентурадағы оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуі.
3. «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ЖОО кейінгі білім беру сапасын жетілдіру мәселелеріне арналған семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізу жоспарын 2026 жылға бекіту.
4. Мемлекет басшысының Жолдауын орындау мақсатында «Медициналық білім беруді цифрлық дамыту стратегиясын» әзірлеу және бекіту. Бірыңғай резидентуралық цифрлық платформаны апробациялау мәселелерін талқылау
5. Резидентура түлектерін сұранысқа ие өңірлер мен медициналық ұйымдарға жолдау үшін «Platonus» ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, білім беру ұйымдарынан деректерді автоматтандырылған жинау рәсімін қарастыру және бекіту

Тыңдалды: РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының төрағасы Берікұлы Д.

Қайырлы күн, әріптестер. Бізде кворум бар. Мен бастайын. Бүгінгі күн тәртібінде бір қатар мәселелер бар:

Бірінші сұраққа қатысты 2026 жылдың 16 ақпанында РОӘК ОӘБ және ҒжәнеАРД-не хат жіберілді.

2025 жылы балалар резидентурасы үшін 14 жаңа білім беру бағдарламасының (ББ) ашылуына және бір мезгілде аралас резидентураға (ересектер, балалар) арналған ББ-ның болуына байланысты РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясы барлық ББ балалар резидентурасының аккредитациясынан өтпей және ББ аралас резидентурасының аккредиттеу сертификатын (ересек, балалар) ББ балалар резидентурасының да сертификаты ретінде санау туралы өтініш білдірді.

Екінші және үшінші сұрақтар 2025 жылғы 18 желтоқсандағы № 4 хаттама РОӘК ОӘБ отырысында талқыланды.

Төртінші және бесінші мәселелер де 2026 жылғы 18 наурыздағы № 7 хаттама РОӘК ОӘБ отырысында талқыланды.

Қаулы

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша ақпарат назарға алынсын.

Төраға



Берікұлы Д.

Хатшы



Оразбаева А.К.

